

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ М Е М О Р А Н Д У М

Көкшетау қ.

« 16 » 05 . 2018 ж.

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті (бұдан әрі – Университет) Жарғы негізінде оның атынан әрекет етуші ректор Елюбаев Мәди Сағынтайұлы, бір тараптан, және Көкшетау "Арна" колледжі (бұдан әрі – Колледж) Жарғы негізінде оның атынан әрекет етуші директор Такенова Динара Уалиханқызы, екінші тараптан, әрі қарай «Тараптар» деп аталатын, осы Меморандумға қол қойып, төмендегі мәселелер жөнінде келісті:

1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ

1.1. Тараптар мына бағыттар бойынша күштерін біріктіреді:

- қолданбалы бакалавриат жүйесінде эксперименттік режимде педагог кадрларды даярлауда кіріктірілген білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- ғылыми-педагогикалық, әдіснамалық зерттеулер және білім беру саласының даму теориясы мен стратегиялары бойынша әзірлемелер жасау, білім саласын әдіснамалық, ғылыми-педагогикалық және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;
- ғылыми-педагогикалық, әдіснамалық зерттеулердің нәтижелерін кәсіби білім беру саласындағы педагогикалық тәжірибеге енгізу;
- педагог мамандардың ғылыми әлеуетін арттыру;
- педагогикалық қызметкерлердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланым белсенділігін арттыру;
- педагогикалық іс-тәжірибені заманауи талаптарға сай сапалы жүзеге асыру.

2. МЕМОРАНДУМНЫҢ МАҚСАТЫ

Университет қызметкерлерімен бірлесе отырып, білім беру саласының дамуына атсалысу, оқулық, оқу-әдістемелік кешендер (силлабус) әзірлеу жұмысына қатысу.

Педагогикалық колледж оқытушыларының ғылыми, ғылыми-педагогикалық, ғылыми-әдіснамалық әлеуетін арттыру мақсатында ғылыми жобаларды жазуда Университеттің ғылыми қызметкерлерімен ынтымақтастықта жұмыс істеу.

Колледж оқытушылары құрамынан ғылыми/академиялық магистрлер, философия (PhD) докторларларын даярлауда қолдау көрсету.

3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Университет өз міндетіне алады:

- педагогикалық зерттеулер, оқу бағдарламаларын, әдістемелік және оқу құралдарын дайындауда ғылыми ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- Колледждің оқытушы құрамының кәсіби құзыреттілігін арттыруға қолдау көрсетеді, сонымен бірге, Университеттің магистратура мен докторантурада ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудағы оқу бағдарламаларын күндізгі, сырттай, қашықтықтан оқу түрлері бойынша және педагог кадрлардың қосымша кәсіби біліктілігін арттыру бойынша көмектеседі;
- Университет және оның білім беру серіктес-ұйымдарының негізінде Колледж магистранттарының ғылыми және ғылыми-педагогикалық тәжірибелерден өтуіне жағдай жасайды;
- Колледжбен бірлесе отырып кәсіби педагог мамандар даярлаудың ғылыми-практикалық іс-шараларды ұйымдастырады;
- Колледжде әзірленген ғылыми, оқу-әдістемелік материалдарды ғылыми сараптаудан өткізу мен рецензиялауға қатысады;
- Колледж қызметкерлерінің ғылыми және ғылыми-әдістемелік материалдарының импакт-факторлы басылымдарда жариялануына қолдау көрсетеді.

3.2. Колледж өз міндетіне алады:

- педагогикалық зерттеулер, оқу бағдарламаларын, әдістемелік және оқу құралдарын дайындауда ғылыми ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- Колледждің оқытушы құрамының кәсіби құзыреттілігін арттыруға және Университеттің магистратура мен докторантурада ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудағы оқу бағдарламаларын күндізгі, сырттай, қашықтықтан оқу түрлері бойынша игеруге және/немесе педагог кадрлардың қосымша кәсіби біліктілігін арттыруда Университетпен бірлесіп жүзеге асырады.
- Колледж магистранттарын Университет және оның білім беру серіктес-ұйымдарының негізінде ғылыми және ғылыми-педагогикалық тәжірибелерден өтуге жібереді;
- Университетпен бірлесіп ғылыми-практикалық іс-шараларды ұйымдастырады;
- Колледжде әзірленген оқу-әдістемелік материалдарды ғылыми сараптаудан өткізу мен рецензиялауға қатысады.

4. Меморандумның мерзімі, өзгертілуі мен тоқтатылуы

4.1. Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 2023 жылғы 01 қыркүйекке дейін жарамды.

4.2. Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

4.3. Меморандум Тараптардың бір-бірімен жазбаша келісімі негізінде тоқтатылуы мүмкін.

5. Басқа жағдайлар

5.1. Осы Меморандумды іске асыру мақсатында ұйымдастырылатын іс-шаралар бюджеттен және құрылтайшы қаражаты есебінен қаржыландырылады.

5.2. Тараптар қолданыстағы заңнамаларда қарастырылған қаражат шегінде осы Меморандумды орындау барысында туындаған шығындарды дербес мойнына алады.

5.3. Осы Меморандумның түпнұсқасы екі данада жасалды, әр Тарапқа бір данадан беріледі.

5. Тараптардың қолы

Университет атынан:

**А.Мырзахметов атындағы
Көкшетау университеті**
Көкшетау қ.
Әуезов көшесі, 189
Индекс 020000
Тел: 25-29-78, 25-42-59
Факс: 25-42-59
E-mail: kuam-kokshetau@mail.ru

Колледж атынан:

**Көкшетау
"Арна" колледжі**
020000, Ақмола обл., Көкшетау қ.
Абай көшесі, 139
Тел.: (7162) 32-31-51
Факс: 32-31-34
E-mail: Arna_Kokshe@mail.ru
http://pt0015.kokshetau.akmoedu.kz/



М.Елюбаев



Д.Такенова